



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

---

АҚПАН 2022


---

2022 жылғы ақпанда айлық инфляция 0,8% - ды құрады. Азық-түлік нарықтарындағы теңгерімсіздік және сұраныстың өсуі аясында инфляцияның барлық топтары бойынша бағаның өсуінің жеделдеуі байқалады

2022 жылғы ақпанда тұтыну бағаларының индексі бір айда 0,8% – ға өсті, бағаның жылдық өсуі 8,7% - ға дейін жеделдеді (2022 жылғы қаңтарда - 8,5%).


**Азық – түлік** тауарларының инфляциясы ағымдағы жылдың ақпанында жылдық мәнде 10% - ға дейін (2022 жылғы қаңтарда - 9,9%) жеделдеді. Дәнді және бұршақты дақылдар түсімінің төмендігі, әлемдік нарықтардағы бағаның өсуі жағдайында нан-тоқаш өнімдері мен жармаларға бағаның өсуі жалғасты. Сүт өнімдері нарығында жем-шөп дақылдары, ЖЖМ және электр энергиясы құнының өсуі аясында бағаның неғұрлым жоғары өсуі байқалды. Сонымен қатар, көкөністер бағасының жылдық өсуі жеделдеді. Жұмыртқа бағасы төмендеуін жалғастырды.

График 1. Азық-түлік инфляциясы



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ


График 2. Азық-түлік инфляциясы



**Азық – түлік емес** тауарлар бағасының жылдық өсуі 8,6% - ға дейін жеделдетуді көрсетті (2022 жылғы қаңтарда - 8,5%). Автокөліктердің бағасы микрочиптерді жеткізудің әлемдік үзілістері нәтижесінде өсті. Ағымдағы жылдың ақпан айында дәрі-дәрмектерге, жуу және тазалау құралдарына бағалар импорттық бағаның өсуі аясында өсті.


**Ақылы қызметтердің** жылдық инфляциясы 2022 жылғы ақпанда 7,1% – ға дейін жеделдеді (2022 жылғы қаңтарда - 6,8%). Ақпан айында жоғары сұраныс пен тұрғын үй сатып алу бағасының өсуіне байланысты жайлы тұрғын үйді жалға алу құнының өсуі жалғасты. Бұдан басқа, амбулаториялық қызметтер мен әуе жолаушылар көлігі қызметтерінің, сондай-ақ демалыс, ойын-сауық және мәдениет саласындағы қызметтердің қымбаттауы байқалды.

График 3. Азық-түлік емес инфляция



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

График 4. Ақылы қызметтер




### Өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығында баға өсуінің баяулауы жалғасты

2022 жылғы ақпанда өңдеуші өнеркәсіптегі өндіруші кәсіпорындар бағасының өсуі 21% - ға дейін біршама баяулады (2022 жылғы қаңтарда – 21,2%). Азық-түлік өнімдері бөлінісінде ет, май және тоң май, ұн-жарма және нан-тоқаш өнімдерін өндірушілер бағасының неғұрлым төмен өсуі байқалды, бұл ретте қант және сүт өнімдерін өндіру бағасының өсуі жеделдеді. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар арасында автомобильдер мен жиһаз өндірушілер бағасының өсуі байқалды.

Ауыл шаруашылығында өндірушілер бағасының 16,3% – ға дейін өсуінің баяулауы жалғасты (2022 жылғы қаңтарда - 16,9%). Өсімдік шаруашылығында майлы дақылдар, көкөністер мен бақша тұқымдары бағасының өсуі баяулады, сонымен бірге бидай бағасының өсуінің жеделдеуі байқалды. Мал шаруашылығы өнімдерінің ішінде тірі құс бағаларының өсуі баяулады, ал тірі мал мен шикі сүт бағасының өсуі жеделдеді. Жұмыртқа бағасы төмендеуін жалғастырды.

График 5. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

График 6. Өнеркәсіптегі бағалар

